

**Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақ елі»
атты патриоттық байқау сценарийі**

**Өтетін күні: 25 қараша
Өтетін орны: Ақт.зал
Өтетін уақыты: 12.30**

Мақсаты: Туған елінің болашағына үлес қосып, елі, жері үшін қызмет етуге тәрбиелеу. Ұлттық тілді жақсы меңгеруге, ұлтжандылық сезімді қалыптастыруға ойлау, танымдылық қабілеттерін арттыра отырып, өнерге баулу.

1-Жүргізуші:

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

2-Жүргізуші:

Ұлы аманат етейік еркіндікті,
Ел құлдықты білмесін, жер күндікті.
Аңсаймын мен сенемін, туады ертең,
Қазақ болу зор бақыт, дер күндікті.
Қашан қазақ атандым мен азандап,
Әлі күнге білмейсің ей адамзат
Есіміне береді бала жасын,
Құлшытасты жібіткен кей азамат

1-Жүргізуші:

Армысыздар құрметті ұстаздар мен қонақтар және тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұрпақтары!

2-Жүргізуші:

Тарихты уақыт жасайды, ал тарих өз жадында қоғам мен біздің әр қайсымыздың өміріміздегі ең маңызды деген жайттарды ғана сақтайды. Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толып отыр. Тәуелсіздік бізге Отан, жер, тіл, еркіндік берді. Қасиетті тәуелсіздік арқылы туымыз бекітілді, әнұранымыз шырқалды. Қазақстан ынтымақтастық пен бірліктің нышанындай жарқырап тұр. Сол себепті біз бақытты халықпыз. Бақыттымыз. Болашағымыз бар халықпыз. Құрметті өнер сүйер қауым! Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақ елі» атты патриоттық ән байқауымызға қош келдіңіздер!

1-Жүргізуші:

Биік ұста Тәуелсіздік жалауын,
Бірлік, достық, бейбітшілік қалауын,
Мерейлі 25 жыл құтты болсын,
Бақ кетпесін әр үйіңнен қазағым.

2-Жүргізуші:

Көк байрағым желбіреді елімде,
Қалықтасын қыран құсы көгімде.
Ашық аспан бейбітшілік бейнесі,
Әуелесін Қазақстан жерінде
Құрметті бүгінгі байқауға қатысатын талапкерлерді сахна төріне шақырамыз.

1. Даярлық а сыныбының оқушысы-Ермұхан Мирнар
2. Даярлық ә сыныбының оқушысы-Досыбай Ильяс
3. 1а сынып оқушысы- Амантаева Аңсаған
4. 1а сыныбының оқушысы-Сейтхан Камилла
5. 1б сыныбының оқушысы-Қуандық Талант
6. 2а сыныбының оқушысы-Ибатулла Жасмина
7. 2ә сыныбының оқушысы-Төремұрат дана
8. 2б сыныбының оқушысы-Гельманова Айым
9. 3а сыныбының білім алушысы-
10. 3б сыныбының білім алушысы- Айдынғали Серболат
11. 4а сыныбының оқушысы-Зайткерей Инкар
12. 4ә сыныбының оқушылары-Жайлаубай Нұрдаулет, Ақмаржан
13. 4сыныбының оқушысы-Ахмет Ақерке

13.5а сыныбының оқушысы-Ахметолла Аяулым

14. 5ә сыныбының оқушысы-Марал Айгерим

15. 6 а сыныбының оқушысы- Серік Гүлім

16. 6ә сыныбының оқушысы-Уалиева Диляра

17. 7а сыныбының оқушысы-Балғынбай Ержан

18. 7ә сыныбының оқушысы-Баширова Амина,Дүзбай Әсем

19. 8а сыныбының оқушысы- Минасарова Аружан

20. 8ә сыныбының оқушысы-Жұбанышева Аружан

21. 9 сынып оқушысы-Сайлаубай Арайлым

22. 10а сыныбының оқушысы-Шайжан Ануар

22. 10ә сыныбының оқушысы-Шайхина Газима

Байқауға әннің орындалу шеберлігі, сахнада өзін ұстай білуі ескеріледі және ұпайлары жабық түрде бағаланады.

1-Жүргізуші:

Байқауды бастамас бұрын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Жасағанбергенова Баян Идирискызы- Тәрбие ісінің меңгерушісі

Құдайбергенова айгерим-10 сынып білім алушысы, Ұланбасы

Алиева Гаухар-10сынып білім алушысы, гимназия мәдениет министрі

2-Жүргізуші:

Тәуелсіздік-елдің ерен еңбегі,

Тәуелсіздік-барша ұлттың теңдігі.

Тәуелсіздік-байтақ елдің кеңдігі

Тәуелсіздік-еліміздің елдігі!-дей отырып патриоттық ән байқауымызды бастаймыз. Олай

болса 1-ші болып сахна **төріне шығатын даярлық тобының оқушысы-Ермұхан**

Мирнарды «Алға қазақстан» әнімен шақырамыз.

Алдарыңызда тағы да даярлықтобының оқушысы-Досыбай Ильяс «Көк тудың желбірегені»

1-Жүргізуші:

Тәуелсіздік таңы атты біз аңсаған,

Туған елім жайында мен ән салам

Еркіндікті арман етіп ата-бабам,

Ерлігімен өз жерін қорғай алған.

Олай болса алдарыңызда **1а сынып оқушысы Амантаева Ләйланы**
«Жаса Қазақстан» әнімен сахна төріне шақырамыз.
Келесі болып сіздердің қошеметтеріңізбен сахна төріне шығатын

1ә сынып білім алушысы Сейтхан Камилланы **«Қазақстан»** әнімен қошеметтеп қарсы алыңыздар.

1б сынып білім алушысы Қуандық Талант **«Жаса қазағым»** әні

2-Жүргізуші:

Біздің еліміз- Тәуелсіз Қазақстан Республикасы Мемлекетіміз бұл тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ. «Ақтабан шұбырындыны» ашаршылықпен қайғы-қасиретті, желтоқсанның суық ызғарын женген ата-бабаларымыздың арқасында біз осындай зайырлы мемлекетке айналып отырмыз.

Талай ғасыр бабалардың арманы,

Арманыңды бүгінгі ұрпақ жалғады

Егемендік белгісі боп көк туың

Аспаныңда қыран бүркіт самғады.

Олай болса келесі сіздердің қошеметтеріңізбен сахна төріне

2а сынып білім алушысы «Ағатайым» әнімен Ибатулла жасмина қошеметтеп отырыңыздар

2ә сынып білім алушысы Төремұрат дана «Қазақ елі осындай» әнімен қошеметтеп шақырамыз.

2б сынып білім алушысы Гельманова Айым «Егемен ел қазақстан» әнімен шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

3а сынып білім алушысы Орынғали Аиша «Алатау» әнімен сахна төріне шақырамыз.

3б сынып білім алушысы Айдынғали Серболат «Жаным қазақ» әнімен сахна төріне шақырамыз.Қарсы алыңыздар.

2-Жүргізуші:

Ел боламын десең, бесігінді түзе «Еліңнің ұлы болсаң, Еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып - көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!»

деген Н.Ә. Назарбаев

Бір қаламның ұшымен жазылып, барша қауымның жүрегіне орнаған, бір ауыздан айтылып, кең өлкемді шарлаған осынау бір ыстық сөз, ыстық көңіл лебізі бүгін ғана емес, бар уақытта да қан тамырымыздың лүпіл - бүлкіліндей естіледі бізге. Иә, бұл – бүкіл қазақ жұртының, дүйім Қазақстан елінің қызу құштарлықпен, сарқылмас сүйіспеншілікпен айтар, ардақ тұтар асыл лебізі. Ол – өлең, ол – ән, ол – сұлулық, ол – асқақ арман, ол – шалқыған дәулет, көркейген сәулет! Елдік туымыз тігілген үлкен үйіміз, алтын шаңырағымыз да осында. Жарастығымыздың да, жақсылығымыздың да, тыныштығымыздың да қиясы, махаббатымыздың да ұясы – Қазақстан.

Алдарыңызда 4а сынып білім алушысы Зайткерей Инкар «Жаңа ғасыр Қазақстан» әнімен. Қошеметтеп отырайық.

Келесі болып сахна төріне 4ә сынып білім алушылары Жайлаубаев Нұрдаулет мен Ақмаржан «Туған жер» әнімен

4б сынып білім алушысы Ендеше, қарсы алыңыздар! Сахнада өзінің тамаша әнімен Ахмет Ақеркені «Туған жер» әнімен шақырамыз. Қошеметтеп отырайық.

1-Жүргізуші:

Қасиетті Қазақстан мекенім,

Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.

Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,

Болашағым, өнер - білім, өркенім.

Алдарыңызда 5а сынып білім алушысы Ахметолла Аяулым «Сарбаздар» әнімен қары алайық.

Келесі болып 5ә сынып білім алушысы Марал Айгерим «Астана» әнімен шақырамыз.

2-Жүргізуші:

Қазақстан - тәуелсіз ел. Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеңізші?!

Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті.

Қанша қиыншылық келсе де, біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл - тарих.

«Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді» деген ұлы даналық сөз бар емес пе? Осы даналықтың әрдайым жадымызда сақталғанын қалаймын.

Тәуелсіздік тұғыры ғой бұл елдің,

25 жасың құтты болсын нұр елім.

25 жылда шықтың талай белеске,

Қазақстан жасай берші гүл елім

Әрқашан да мақтанамын жеріме,

Қазыналы, дархан, байтақ еліме.

Ешбір қала тең келе алмас өзіңе,

Тілеймін мен бейбітшілік еліме.

6а сынып білім алушысы Серік Гүлім

6ә сынып білім алушысы Уалиева Диляра «Алтын бесік» әнімен шақырамыз.

Қошеметтеп отырайық.

1-жүргізуші:

Тәуелсіздік бостандығың елінде

Желбіреді көк тұлпарың көгінде

Жарқын болсын тәуелсіз ел әлемге

Теңесті халқың терезесі тең елге.

Тәуелсіз елдің ұлы - өжет, қызы қайратты, қаһарман. Тәуелсіздікті аңандай ардақта, балаңдай мәпеле, құрметте. Елтаңбамыз ажарлы, әнұранымыз әуенді, асқақ бола түссін! Еліміздің белгісі – көгілдір туымыз әрқашан желбірей берсін!

7а сынып білім алушысы- Балғынбай Ержан «жаса қазағым» әні

Сіздердің қошеметтеріңізбен 7 ә сынып білім алушысы Баширова Амина мен Дүзбай Әсемді «Менің өлкем» әнімен шақырамыз.

2-Жүргізуші:

Қазақстан - ұлан байтақ кең далам,

Қазақстан - өзіңе арнап ән салам.

Қазақстан - ортақ біздің үйіміз,

Отаным деп бар әлемге жар салам.

Қазақстан біздің сүйікті - Отанымыз. Көрсен көз тоймас асқар шыңды таулары, айдын шалқар көлдері, жайыла аққан өзендері, ормандары бар. Осының бәрі Алтай менен Атырау, Ақжайық пен Алатаудың аясында құлаш жайып, жайнай түрленіп жасанып - жасарып жатыр.

8а сынып білім алушысы-Минасарова Аружан «Домбыра туралы баллада» әнімен қарсы алыңыздар

9сынып білім алушысы- «Мекенім-қазақстан» әнімен Сайлаубай Арайлымды қошеметтеп шақырамыз.

1-Жүргізуші:

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,

Кеңейттім кең әлемге керегемді.

Мұхиттың ар жағында жатқан жұрттар

Таныды тепе - тең деп тереземді.

Қазақпын, қойнауы - құт, жері - дархан,

Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам.

10а сынып білім алушысы-Шайжан Ануар- «Жаса Қазағым»

10ә сынып білім алушысы- Шайхина Газима «Қазақстаным алға»

2-Жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен оқушылар және ата-анлар! Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақ елі» атты патриоттық байқауымыздың қортынды сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.

Құттықтау және марапаттау

1-Жүргізуші: Осындай тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді сезінеміз.

Туымыздың тұғыры берік, еліміздің еңсесі биік болсын! Тәуелсіз еліміздің іргесі мықты болсын.

БІРГЕ: Қош сау болыңыздар.







